

Кенжегаранова М.К.,
Садуллаева А.П.,
Азимбекова А.

Сүт өнеркәсібін мемлекеттік қолдау шаралары: мәселелер мен әлемдік тәжірибе

Бұл мақалада Еуропа елдеріндегі, АҚШ, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясындағы ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тәжірибесіне талдау жасалынып, мемлекеттің макроортадағы өзгерістерін ескере отырып, АӨК даму бағыты мен мақсатының жолдары айтылған.

Кез келген мемлекет сүт өндірісі саласын дамытуға барынша мұдделі. Өйткені, сүт өнімдері мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды салалар қатарында саналады. Сондықтан, мемлекет өзінің сүт өңдейтін және одан дайын өнім шығаратын фермерлері мен компанияларының ішкі және әлемдік нарықтардағы бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оларды дотация және субсидия арқылы мүмкіндігінше қолдап отырады. Осылайша, ауылшаруашылығындағы нарықтық қатынастар мемлекеттік реттеумен астасып жатады.

Түйін сөздер: мемлекеттік қолдау, мемлекеттік бағдарлама, сүт өндірісі, өзгерістерді басқару.

Kenzhegaranova M.K.,
Sadullayeva A.P.,
Azimbekova A.

Dairy industry state support measures: issues and foreign experience

This article presents and analyzes the experience of state support of agriculture in Europe, the United States, the Republic of Belarus and the Russian Federation and is intended to determine the goals and directions of development of agrarian and industrial complex in terms of the state's response to changes in the macro environment. Every state is interested in the development of the dairy industry, as dairy products are of strategic importance in ensuring its food security. Therefore, countries strongly support its farmers, milk producers and companies producing milk as a finished product by issuing grants and subsidies to ensure their competitiveness in domestic and global markets. Thus, market relations in agriculture are intertwined with government regulation.

Key words: government support, government programs, dairy industry, change management.

Кенжегаранова М.К.,
Садуллаева А.П.,
Азимбекова А.

Меры государственной поддержки молочной промышленности: некоторые важные аспекты и мировой опыт

В этой статье представлен и проанализирован опыт государственной поддержки сельского хозяйства стран Европы, США, Республики Беларусь и РФ с целью определения задач и направлений развития АПК с точки зрения реагирования государства на изменения в макросреде. Любое государство заинтересовано в развитии молочной отрасли, так как молочные продукты являются стратегически важными в обеспечении продовольственной безопасности государства. Поэтому страны всячески поддерживают своих фермеров-производителей молока и компании, выпускающие молоко как готовый продукт, путем выдачи дотаций и субсидий, чтобы обеспечить их конкурентоспособность на внутреннем и мировом рынках. Таким образом, рыночные отношения в сельском хозяйстве переплетаются с государственным регулированием.

Ключевые слова: государственная поддержка, государственные программы, молочная промышленность, управление изменениями.

**СҮТ ӨНЕРКӘСІБІН
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ
ШАРАЛАРЫ:
МӘСЕЛЕЛЕР МЕН
ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ**

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында біздің елдің экономикалық саясаты отандық кәсіпорындардың бәсекелестікке қабілеттілігі мен табыстылығы қағидаттарына, экономикалық прагматизмге негізделуі тиіс екендігі атап көрсетілген [1].

Сүтті қайта өңдейтін кәсіпорындардың бәсекелестікке қабілеттілігі мен табыстылығы ұзақмерзімді келешекке бейімделген, дұрыс жасалған даму стратегиясына, прогрессивті басқару аппараты мен адами ресурстардың зияткерлік әлеуетіне және тағысын тағыларға байланысты.

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешені 2007 жылы экономиканың локомотиві болып жарияланғанына және осыған байланысты өнімдердің қолжетімділігі (экономикалық және физикалық), тұрғындар үшін қауіпсіздігі мен республиканың азық-түліктік тәуелсіздігі (импорттық азық-түліктің үлесі еліміздің ішінде өндірілетін азық-түліктің жалпы көлемінің 20%-нан аспауға тиісті) сынды факторлар енгізілген азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламасы [2] қабылданғанына қарамастан, жоғарыда аталған бөлімдер бойынша Қазақстан Республикасы Кедендік Одақ елдерінің соңында тұр [3].

Сондықтан, ҚО елдері тарапынан артып отырған бәсекелестікке шыдау, сондай-ақ еліміздің БСҰ-на кіретіндігіне байланысты туындайтын тың талаптарға жауап ретінде ауылшаруашылығы және сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарына мақсатты бағыттағы және дер кезінде жасалуға тиісті мемлекеттік қолдау қажет.

ҚР Үкіметімен «Агробизнес – 2020» атты 2013-2020 жылдары агроөнеркәсіпті дамыту жөніндегі салалық бағдарлама бекітілгеніне біраз болғанына қарамастан, әзірге аталған бағдарламаның нәтижелері туралы айтуға әлі ертерек. Сонымен бірге екінші тарауда жасалған талдау мемлекеттік қолдаудың жеткілікті деңгейде еместігін, осы саладағы сапалы әрі оңды өзгерістерге жауапты мемлекеттік ведомствалардың қызмет тимділігі төмендігін аңғартады. Соған сай, мемлекет еліміздегі сүт өндірісі мен сүтті қайта өңдеу индустриясын одан ары қолдау мен реттеу бойынша нақты шараларды жүзеге асыруға тиісті.

Кез келген мемлекет сүт өндірісі саласын дамытуға барынша мүдделі. Өйткені, сүт өнімдері мемлекеттің азық-түліктік қа-

уіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды салалар қатарында саналады. Сондықтан, мемлекет өзінің сүт өндейтін және одан дайын өнім шығаратын фермерлері мен компанияларының ішкі және әлемдік нарықтардағы бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оларды дотация және субсидия арқылы мүмкіндігінше қолдап отырады. Осылайша, ауылшаруашылығындағы нарықтық қатынастар мемлекеттік реттумен астасып жатады.

Ауылшаруашылығының маусымдылығы, күтпеген (форс-мажорлық) жағдайлардың жиі алдан шығатындығы бұл саланың өзін өзі реттеуіне мүмкіндік бермейді. Мемлекет азық-түліктік қауіпсіздікті сақтау мақсатында ауылшаруашылығы өнімдерінің отандық өндірушілерін қолдау бойынша міндеттемені өз мойнына алады.

Бұдан ары, біздер макроортадағы өзгертулерге мемлекеттің назар салуы тұрғысында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бағыттары мен міндеттерін анықтау мақсатында Еуропа елдеріндегі, АҚШ, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясындағы ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тәжірибесіне талдау жасап, көрсетуге тырыстық.

Әлемдегі көптеген елдер өздерінің ауылшаруашылығы өндірісін жан-жақты қолдап отырады. Кей кездері қаржылық қолдау деңгейі өндірілген жиынтық өнім құнынан 1,5-2 есеге артық болады.

Еуропадағы елдердің барлығына жуығы ауылшаруашылығы өнімдеріне кепілдендірілген баға тетігін қолданады. Бұл салада жалпы Еуропалық саясат қабылданған. Алайда, әрбір жеке ел келесі шараларды қаржыландыруға қатыса алады: сапа бойынша шаралар; жаңа техникалар енгізу; фермер шаруашылықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтар кірістерінің төменгі деңгейін қамтамасыз ету.

Ауылшаруашылығы саласындағы еуропалық саясат өткізу нарықтарын ұйымдастыру, фермерлік кірістерді қолдау, басы артық өнімдерді сатудан тұрады. Орташа алғанда еуропалық елдер бойынша «Зерттеу және зерттемелер» бюджеттік бағдарламаларына аграрлық бюджеттердің 10-30% жуығы, ал өндірісті жетілдіруге 1/3-не дейін жұмсалады [3].

1-кестеде дамыған елдер (Еуропа, АҚШ) және Беларусь республикасындағы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген.

1-кесте – Еуропа елдері, АҚШ, Беларусь республикасындағы мемлекеттік қолдау шаралары

Ел	АӨК мемлекеттік қолдау шаралары (оның ішінде сүт өңдеу саласындағы шараларды қолдау)
Англия	Ауылшаруашылығы үшін көптеген қызметтер жұмыс жасайды: кеңестік, сервистік, маркетингтік, сыртқы басқару, білікті менеджментті дайындау т.с.с.
Финляндия	Ауылшаруашылық өнімдеріне баға белгілеу (шикізат-сүт), мысалы мақсатты бағалар – нашар және жақсы дамыған аймақтарға; дотациялық бағалар – экспортқа және қосымша шығарылатын өнімдерге.
Франция	Агроөнеркәсіптік кешенде ауылшаруашылығын және тамақ өнеркәсібінің даму бағытын, үйлестілігін және салалар арасындағы байланысын қадағалап отыратын жоғарғы кеңес қызмет етеді. Кеңеске кіретін өкілдер: қаржылық министрлік; өнеркәсіп министрлігі; ауылшаруашылық министрлігі; өңдеу аумағы; азық-түлік өткізу аумағы; АӨК аумағы. Сонымен қатар ауылшаруашылығын мемлекеттік реттеу жүйесінде ауылшаруашылық палаталар және кәсіподақтар қызмет жасайды.
Германия	Елде бекітілген аграрлық саясаттың негізі арқылы және нақтылы оларды іске асыратын саяси шаралары бар, ауылшаруашылығы туралы заңы жұмыс жасайды. Осы және басқа да ауылшаруашылығы туралы заңдарға сәйкес, мемлекет сауданы, несиелік және баға саясатын реттейді.
Венгрия	Мемлекет қажетті азақ-түлікті сатып ала-алатын кепілді баға жұмыс істейді.
АҚШ	Басқа өндіріс салаларына қарағанда мемлекет ауылшаруашылығына көп қаражат бөледі, мысалы 30%. Бюджетте АӨК дамытуға шығын 4,8% қарастырылады. «Фермерлердің кірістерін тұрақтандыру» бағдарламасы бекітілген. Осы бағдарламаны іске асыруда барлық бюджеттік дотациялардың АӨК үшін 50% қажет етіледі. Бұған кіретін бағдарламалар: «өнімді сақтандыру», «ауылшаруашылық несие», «бағаны ұстау мемлекеттік бағдарламасы».
Беларусь республикасы	Берорусь республикасында үкімет сүт шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарына белгілі бір баға қояды. Үкімет сүт өнімдері бағасының дәлелсіз көтерілуін қадағалап және рентабельді емес кәсіпорындарға көмек көрсете алады. Сондай-ақ үкімет елдегі ең ірі сүт холдингісінің актив иеленушісі болып табылады. Мемлекеттік бағдарлама аясында елдегі сүт индустриясын қолдау барысында үкіметтен айтарлықтай инвестициялар бөлінді. 2015 жылы елде сүт өнімдерін өндіру жылына 10-15 млн. тоннаға жеткізіледі.
Ескерту – түпнұсқа негізінде автор құрастырған [5 – 6]	

Бұдан ары үш елді – Беларусь республикасы, Германия мен Финляндияны мысалға келтіру арқылы біз олардың сүт индустриясы мен ауылшаруашылығын басқарудағы тәжірибесін көрсетеміз, сонымен бірге аталған елдерді холдингтер мен кооперативтер құру арқылы саладағы макро, мезо және микродеңгейлердегі өзгерістерді жүзеге асыруға итермелеген жорамалдарды сипаттаймыз.

Дәл қазіргі, шикізаттық аймақтар үшін күреспен бәсекелестік барынша күшейіп тұрған уақытта қуаттылықтарды барынша арттыру қажеттілігі алға шығады, холдингтер құру өзектене түседі. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, холдинг – өзара меншіктік құқықтық қатынастары бар заңды тұлғалардың бірлестігі болып табылады. Холдинг жеке алғандағы шағын кәсіпорындардың адами және ақпараттық ресурстарын, қаржылық ағындарды біріктіреді.

Беларусь еліндегі сүт өндірісінде холдингтік құрылымдар құрудың өзіндік мысалдары бар. Мәселен, «Гомель сүт-ет компаниясы» холдингі. Холдингті құру акционерлік қоғам қалыптастырып, оған жекелеген кәсіпорындарды қосу арқылы басталған. Үдеріс қозғалысқа түскеннен кейін, біраз уақыт өтісімен атқарылған жұмыстардың жағымды нәтижелері (мысалға, холдингке кіретін кәсіпорындардың қаржылық жағдайының жақсаруы мен шикізаттық ағындар жұмысының жақсаруы) көрініс бере бастады. Акционерлердің жалпы жиналысы мен бақылау кеңесі холдингті басқарса, Беларусь республикасы оның иесі болып табылады [7].

Германияның ЕО елдері арасындағы сүт өнімдері өндірісі бойынша бірінші орын алатындығын және әлемдегі ең ірі сүт өндрушілердің алтылығына енетіндігін ескере отырып, отандық компаниялар аталған елдің сүт өндірісі мен сүт өндірісін басқарудағы тәжірибесін назарға алса дұрыс болар еді. 2010 жылғы деректер бойынша аталған елдегі сүт кооперативтерінің саны 264-ке (болжамды түрде 105 000 мүшесі бар) жетіп, жылдық айналымы 11,9 млрд. еуроға теңескен. Ұлттық сүт нарығының жалпы көлемінің 2/3 бөлігіне жуығы (27,8 млн. тонна) 62 кооперативте қайта өңделеді (дайындау, жеткізу, қайта өңдеу және өткізу). Аталған елдегі сүт өндірісінің тауар айналымының тең жартысына жуығы (10,8 млрд. еуро) кооперативтердің үлесіне тиесілі. Кооперативтік шаруашылық елде сауылатын сүттің 60%-ына иелік ететіні турлы дерекке қарамастан, сүт өндірісінің тауар айналымына есептеген кезде ол 47%-ға дейін төмендейді.

Германиядағы сүт кооперативтері ғаламдану талаптарына жауап және қоршаған экономика-

лық ортадағы өзгерістерге икемділікпен кірігу жөніндегі шаралардың бірі ретінде құрылған. Бұл ретте экономикалық өзгеріс ретінде мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың қысқаруына әкеліп соқтырған аграрлық реформаларды айтуға болады.

Жоғарыдағы жағдайларға сүйене отырып, кәсіпорындардың кооперацияларға деген ұмтылысына таң қалуға болмайды. Өйткені кооператив ретінде ұйымдастырылған кәсіпорындар шикізатты, жемшөпті, тұқымды, жабдықтарды және тағы басқаларды бірлесе алу есебінен шығындар көлемін айтарлықтай азайтуға қол жеткізе алады. Соған сай кооперативтердің мамандануға және кооперативтерге қатысуы анағұрлым өсіп отыр. Жоғарыда айтылғандай, экономикалық тұрғыда құру, өнімдерді қайта өңдеу және өткізу бойынша бірлескен жұмыс өзін өзі ақтайды. Бүгінгі күні кооперативтік кәсіпорындарда холдингтік құрылымдардың үстінен басқаруға жауапты жедел бөлімдер жұмыс істейді. Осылайша, Joint Venture Nord-Contor деген атаумен біріккен Германияның кооперативтік тұрғыда ұйымдастырылған аса ірі сүт компаниялары қатарындағы Nordmilch және Humana-Milchunion кәсіпорындары елдегі сүт өнімдері нарығының 23% бақылау жүргізеді. Сонымен бірге, олар өздерінің тауар айналымының көлемі бойынша ең ірі компаниялардың ондығына кіреді.

Тұрақты даму үшін ауылшаруашылығы кәсіпорындарының шығындарын азайтып, өнімдер өндірісі мен сату сынды бүгінгі күнгі ауылшаруашылығы саласының үздіксіз үдерісін қалыптастыратын тиімді қаржылық қамтамасыз ету қажет. Өйткені, қаржылық қамтылу өндірістің белгілі бір көлемін шығаруға арналған меншік және заемдық қаржылық ресурстармен, негізгі және айналма капиталмен қамтамасыз етуге жол ашады [8].

Финляндиядағы ауылшаруашылығының негізі – сүт саласы. Ауылшаруашылығы қажеттілігіне арналып бөлінген жердің үштен бір бөлігі сүт өндірісі үшін қызмет етеді. Сүт саласының өнімдері ауылшаруашылығындағы өнімдер көлемінің жартысын құрайды. Сүт өндіретін фермерлер жемшөпті өздері дайындайды. Финляндиядағы сүт фермасы 30-ға жуық сауын сиыр мен 35 гектар жерге иелік етеді. Мұндай жағдайда финляндиялық малшыға заманауи техника, мал шаруашылығы мен селекция саласында жақсы жолға қойылған ғылыми жұмыс, малды бордақылаудың өнімді тәсілдері көмекке келеді. Мамандардың пікірі бойынша, ауылшаруашылығының дамуына көмектесетін ең басты талап

– ол ауылшаруашығын үнемділікпен ұйымдастыру [9].

Рентабельді (тиімді) болып, елді сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін еңбекті ұйымдастырудың екі жағы қажет. Бір жағынан отбасылық ферма болса, екінші тараптан өзінің сүт зауыттары бар кооператив керек. Финляндияда 60 мыңнан астам отбасылық сүт фермасы бар. Ондағы әр ферма елдегі 132 кооперативтің құрамына енеді. Өз кезегінде кооперативтер екі бірдей одақ ұйымдастырған. Бұл одақтар кооператордың ана тіліне байланыста жұмыс істейді. Әлемге кеңінен танымал «Валио» сауда маркасы сүт кооператорларының фин тілінде сөйлейтін Орталық одағына тиесілі. Бұл марка сүт өнімдері нарығында үлкен басымдыққа ие. Valio маркасына 18 ірі кооператив иелік етеді. Олардың 9-ы құрамына сүт өндіретін 8800 фермер енетін «Valio Group» мүшесі болып табылады. Компанияның басты мақсаты – сүт өндірісінде еңбек ететін фин фермерлері шаруашылықтарының қызметін дамытуға көмектесу [10].

Осы мақалада Еуропа, АҚШ және ТМД елдерінің ұйымдастырушылық өзгерістерді басқару және табысты жүргізу саласындағы кәсіпорын-

дарын қоса алғандағы әлемнің жетекші компанияларының тәжірибелері талданды. Талдау ба-рысында анықталғандай, ғылыми-техникалық прогрестегі жетістіктер, IT-технологиялар, толық автоматтандырылған құрал-жабдықтар компанияларға өндірістік үдерістерді ықшамдауға және оларды тиімділікпен басқаруға мүмкіндік береді. Ал инновациялық бағдарламалық қамтамасыз ету болашақ кірістер мен шығыстарды алдын ала болжауға, сатып алуларды ұйымдастыруға, қаржылық қаражаттардың қозғалысын тиімділікпен бақылауға жол ашады.

Қосымша ретінде ресурстарды (қаржылық, адами және тағы басқа) басқарудың ойластырылған стратегиясы, сондай-ақ операциялық қызметті басқарудағы ерекше тәсілдер компанияларға ғаламдық нарықтарда көшбасшылыққа қол жеткізуге және өздерін алдыңғы қатарлы компаниялар ретінде мәлімдеуіне мүмкіндік беретінін айрықша атап кеткен жөн. Дәл осы тұрғыдан алғанда біздер әлемдегі елдер мен компаниялардың сүт компанияларындағы өзгерістерді басқару мен агроөнеркәсіптік кешенді (ауылшаруашылығын) қолдау саласындағы тәжірибелерін сипаттауға ұмтылыс жасадық.

Әдебиеттер

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана СТРАТЕГИЯ «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства. 14 декабря 2012 г. // <http://www.akorda.kz>. (дата обращения: 10.06.2014)
- 2 Роль государства в обеспечении продовольственной безопасности республики Казахстан в условиях мирового экономического кризиса // <http://articlekz.com/node/1833> (Дата обращения: 08.09.2015)
- 3 Казахстан утратил продовольственную безопасность // <http://news.nur.kz/286166.html> (Дата обращения: 11.07.2015)
- 4 Захарова Е. Опыт государственной поддержки АПК за рубежом // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2009. – № 1. – С. 6.
- 5 Камалян А., Чиннов С. Основные формы государственного регулирования деятельности субъектов предпринимательства и их поддержки в АПК // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2009. – № 3. – С. 9-12.
- 6 Программа развития молочной отрасли на 2010-2015 годы // <http://irc.ifrd.by/index.php> (Дата обращения: 5.03.2014).
- 7 Котковец, Н. Н. Не останавливаться на достигнутом, полнее использовать резервы // Белорусское сельское хозяйство. – 2009. – №2. – С. 6.
- 8 Молочные кооперативы Германии под влиянием глобализационных процессов // <http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=3746> (Дата обращения: 23.06.2014)
- 9 Молочные реки Финляндии // <http://www.kauppatie.com/2013/11-2013/rus-10.shtml> Откуда текут молочные реки <http://www.agrikulture.ru/news/html/34.html> (Дата обращения: 10.06.2015)
- 10 Официальный сайт компании Valio // <http://www.valio.com/> (Дата обращения: 18.05.2015)

References

- 1 Poslanie prezidenta respubliky kazakhstan N. Nazarbaeva narodu Kazakhstana strategiya «Kazakhstan-2050» novyj politicheskij kurs sostoyavshegosya gosudarstva. 14 dekabrnya 2012 g. // <http://www.akorda.kz>. (data obrasheniya: 10.06.2014)
- 2 Rol' gosudarstva v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki k Kazakhstan v usloviyax mirovogo ekonomicheskogo krizisa // <http://articlekz.com/node/1833> (data obrasheniya: 08.09.2015)
- 3 Kazakhstan utratil prodovol'stvennyuyu bezopasnost' // <http://news.nur.kz/286166.html> (data obrasheniya: 11.07.2015)
- 4 Zakharova E. Opyt gosudarstvennoj podderzhki apk za rubezhom // Mezhdunarodnyj Selskoxozyajstvennyj Zhurnal. – 2009. – № 1. – s. 6.
- 5 Kamalyan A., Chinnov S. Osnovnye formy gosudarstvennogo regulirovaniya deyatel'nosti subektov predprinimatel'stva i ix podderzhki v apk // Mezhdunarodnyj Selskoxozyajstvennyj Zhurnal. – 2009. – № 3. – s. 9-12.

- 6 Programma razvitiya molochnoj otrasli na 2010-2015 gody // <http://irc.ifrd.by/index.php>- (data obrasheniya: 5.03.2014).
- 7 Kotkovec, N. N. Ne ostanavlivatsya na dostignutom, polnee ispolzovat rezervy // belorusskoe selskoe khozyajstvo. –2009. – №2. – s. 6.
- 8 Molochnye kooperativy germanii pod vliyaniem globalizacionnyx processov // <http://www.m-economy.ru/art.php?nartid=3746> (data obrasheniya: 23.06.2014)
- 9 Molochnye reki Finlyandii // <http://www.kauppatie.com/2013/11-2013/rus-10.shtml> otkuda tekut molochnye reki <http://www.agrikulture.ru/news/html/34.html> (data obrasheniya: 10.06.2015)
- 10 Oficialnyj sajt kompanii Valio // <http://www.valio.com/> (data obrasheniya: 18.05.2015)